

ӘОЖ 930.1

**«ЕДІГЕ» ЭПОСТЫҚ ЖЫРЫНЫҢ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ
ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ**

Сактаган Айсауле Серікқызы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің
1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А. Мусағалиева

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымындағы ең жарқын тұлғалардың бірі. Тарих беттерінде Кеңес Одағының танымал геологы, содан кейін — Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті есебінде есте қалды.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның өткен тарихымызда есте қаларлық оқиғаларға толы. Соның бірі – академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың біз сөз етіп отырған «Ер Едіге» атты жинаққа байланысты тағдырына қатынасты. Қоғамдық гуманитарлық ғылымдар бойынша академик Қ.И. Сәтбаевтың мұрасында ғылыми әдебиеттер топтамасы жеткілікті. Академик ғылымның түрлі салаларына қызығушылық танытатын. Солардың ішінде ұлттық тарихымызды қалыптастыруға әсерін тигізетін халық ауыз шығармашылығына – фольклор, жазба қазақ әдебиеті, музыка сынды салаларға көңіл бөле бастады. 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» деген атаумен әдебиет басып шығарды. Жарты ғасырға жуық уақыт ғылым айналымнан жоғалған «Едіге батыр» жыры «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының батырлық жырларға арналған еңбекке жарияланды. Жинаққа жазған алғысөзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір жағымен Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі халықтарының барлығында айтылатындығын ескерте келді [1, 15].

1944 жылға қаулы жарияланған уақыттан бастап, Алтын Орда тақырыбымен ашық түрде қарсы болмағанымен кеңестік билік тарапынан қолдау таба алмады. «Едіге» эпосы – Алтын Орда дәуіріндегі үлгі-өсиетті сақтауға мүмкіндік беретін, ұлттық тарихымыздың жаңғыруына септігін тигізетін тарихи шығарма [2, 238].

Б.Я.Пропптың пікірінше, «Халық поэзиясы фактографиялық хроника емес, жеке оқиғаларды тану үшін емес, керісінше жалпы мемлекеттік және халықтық мүдделері ескеріледі» [3, 13].

Академик «Едиге» эпосымен айналысу барысында, көздеген мақсаты – нақты ортағасырлық кезеңнің тарихи тұлғалардың өмірлік кезеңімен қоғамды таныстыру болып табылады. Осы уақытқа дейін «Едігенің» біршама версиялары тарихи айналымда жүр еді.

Едіге батыр туралы жырлардан сол заманның біраз тарихының бейнесін ғана емес, шындығын да табуға болады. Бірақ, тарихи шындықтың біршама нұсқалары бар. Бұл орайда академик Қ.И. Сәтбаевтың «Едіге батырдың» толық сыны ол жайлы әртүрлі жыр жолдарын толық жиналғанда айқындалар еді деген сөзінің [1, 352] өз тұсы үшін де, бүгінгі күннің межесінен де қарағанда да дұрыс айтылғандығында дау жоқ.

Қаныш Имантайұлының Сәтбаевтың жұмысында Тоқтамыстың тарихи бейнесі барынша жағымсыз кейіпте жазылған. Шығармада Тоқтамыс жексұрын, жағымсыз пішінде кейіптелмеген. Оның елімен қоштасып тұрып:

«Едігем менің бар еді...
Ескіден кегі бар еді,
Кете алмай-ақ жүр еді.
Көре алмасы көп болды,
Көтермесі жоқ болды.
Едіге сынды батырдан
Қапыда сөйтіп айырылдым,
Сұм жыраудың айтқаны

Ақырында дөп келді» [482], – деп толғануының өзі – әр ісіне объективті қарайтын кісінің қалпын аңғартады.

Дегенмен, Академиктың жұмысында Едіге образы жағымды кейіпкер есебінде сипатталған. Кеңестік кезеңде Қ.И. Сәтбаевтың фольклорға, әдебиетке және өнерге деген, көзқарастарының қалыптасуы ерекше бір жағдай есебінде қарастыруға болады. Себебі, кеңестік билік зерттеуші элитаның зерттеу аясына бақылау жасап, марксистік-лениндік сипатқа сай болуын қадағалап отырды [2, 255-256].

Ғалым негізінен жырдың дүниеге келуіне себепкер болған Алтын орданың билеушісі Тоқтамыс пен Едігенің өзара қарым-қатынасына арнайы тоқтала келіп айтқан мына пікірлері: біріншіден, «тарихи жағынан алғанда Едіге батырдың әңгімесі XIV ғасырдың ішінде басталуы керек» дейтін, екіншіден, араб тарихшысы Ибн-Арабшахтың пікіріне қарағанда, Тоқтамыс пен Темірдің арасындағы жанжалға әу баста Едіге себепші болса керек, Едігенің сүйенгені Орысханның баласы Құтлұғ Темір дейтін сұлтан болған, дей отырып, сондай-ақ, Темірдің Тоқтамыс ордасына ауыр қолмен аттануына Ақорда мен Алтынорданы жеке билеген Тоқтамыстың баққа мастанып 1388 жылы Түркістан жағына шеру тартқандығын айтатын, үшіншіден, Едіге әңгімесінің әртүрлі түркі халықтарында барлығын ескерте келіп «қай жұртта болсын, барған сайын басқы сөзге өз тұсынан түрлі жалғаулар қосып отырмақшы» [1, 353-356] дейтін, төртіншіден, ел біреуді сүйсе оның бойына тағылмаған жақсылық болмайды; Едіге осындай елдің шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі дейтін, бесіншіден «Ел аузында тарап жүрген Едіге туралы тағы да сораптар бар шығар, солардың бәрі де тегіс жиналып қағаз бетіне түссе, Едіге батырдың толық сыны сонда айқындалар еді» деген [1, 352], ой-түйіндері Едігемен Тоқтамыс, Ақсақ Темірдің заманын, негізінен олардың өзара қатынасын жыр еткен ауыз әдебиетінің көне мұрасы «Ер Едігенің» танымдық қасиетін, шыншылдық беделін толық бағалау үшін бүгінгі күннің де, келешек күндердің де зерттеушілері назар аударарлықтай құндылыққа ие екендігін көрсететіндігін де дау жоқ. Өйткені, Едіге жырының да, оның орталық кейіпкерлерінің е шын кейпі мен шынайы бағасы осы мәселелерді жете ескергенде ғана толық ашылмақ.

Қазақстан КП(б) орталық комитетінің 1947 жылғы «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысымен 1917 жылдың қазанына дейінгі кезеңде, әсіресе XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани және ғылыми мұрасын зерттеуге тыйым салынды [4]. Бұл шешім іс жүзінде халықтардың рухани мұрасының жойылуына, әрі бұрмалану әрекетіне алып келді. Өткен ғасырлардағы мәдениет туындыларын жаңа жағдайда зерделеуде саяси қателіктер мен

ұлтшылдық айыптары тағылып, қазақ зиялыларының арасында «ұлтшылдар» деген атпен саяси қудалануға алып келді. XX ғасырдың 30-жылдардағыдай, ғылыми мекемелерде, университеттерде және институттарда мәдениет пен өнер қызметкерлерінің арасында күдік атмосферасы пайда болды. Барлық жарияланымға шығатын, зерттеу тақырыптары кеңестік билік бақылауына ілеге бастады. Осындай қаулылардың шешімімен Қ.И. Сәтпаевта зардабын көргені дәлелді құжаттарда жеткілікті.

Осылайша, Қаныш Имантайұлын академияны ғылымға жат элементтер қолданды, өзінің әлеуметтік шығу тегін жасырды (ол ауқатты қазақтардың ұлы болған) және «Ер-Едіге» поэмасына дұрыс баға бермеді деген айыппен 1947 жылға қаулыға сай қудалануға ұшырауына алып келді. 1951 жылы Едіге жөнінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаев ақталуға мәжбүр болды. Ол Тарихи Едіге жағымсыз кейіпкер екенін және оның Едіге бейнесін қолдаудағы белсенділігі қате екенін жазды.

1951 жылы 23 қарашада Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жабық отырысының шешімімен кінәлі деп тапты [6]. Кеңес Одағы ыдырағанын міне біршама уақыт өтіп кетті. Бірақ, еліміз көк байрақ туын көтерген сәттен бастан тарихымызды, ұлттық элиталарымызды еске алуда жұмыстар атқарып келеміз. Ел деп жүріп сүрінген, ел деп жүріп мерт болған ерен тұлғалы ерлер болмаса, олардың арман-мүддесін жанмен ұғар елі болмаса ұлт пен ұлыстың тізгінін кім ұстамақ деп, ойланасың. Ал, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – дүниеге сирек келетін – кеменгерлердің өзінің көшін бастайтындай көшелі болып жаралған көсемі болса керек-ті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы, 1989. – 540 б.
2. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы, 1991. – 356 б.
3. Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы, 1990. – 355 б.
4. ҚРПА (Қазақстан Республикасы Президенттік архиві). 140-қ., 1-т., 121-іс, 1-14 пп.
5. ҚРПА (Қазақстан Республикасы Президенттік архиві). 140-қ., 7-т., 35-іс, 9 пп.
6. Шәріпов Ә. Сойқанды жылдар // Жұлдыз, 1992. – №7. – 20 бет.